

# Мәшһүр Жүсіптің Рауан жұлдызы



Алтынбек Құрманов – Баянауыл мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің экскурсия жөніндегі нұсқаушысы, Қоңыр әулие шатқалында халыққа қызмет көрсетеді. Кезінде Ленинград университетінің өлкетану факультетінде оқып, әйгілі ресейлік шығыстанушы ғалымдардың дәрісін тындапты.

Қойнауы сырға, жырға толы Баянауыл жерінің әрбір тауы мен тасының тарихын жетік білетін шежірешінің Мәшһүр Жүсіптің әулиелігі туралы айтқан әңгімесіне құлақ түрдік...

## 1.Сауаптың үлкені

- Атам Құрман Әміров ұста еді. Оның немере інілері Иманғали Мәнәнұлы, Алдажар Әбдіразақов, балдыздары – Әнәфия молла Әубәкірұлы мен Жанайдар Асылбекұлы, шөбере інісі Хасен Ысқақұлы Мәшһүр атаның шәкірттері болған екен. Атадан сабақ алған, тәлімін өнеге тұтқан осы қарияларды көзім көрді. Олардан Мәшһүр Жүсіп ата туралы аңызға бергісіз әңгімелерін естіп өстім, көңіліме тоқыдым.

Қариялар Мәшһүр Жүсіп атаны «Мәшһүр» демейтін. «Молла» дейтін. «Мәшһүр» - атаның лақап аты, профессорға «преке» демейміз ғой. Сондықтан «Молла ата» деу керек» деп отыратын. Молла ата Әлкей ағамыздың әкесі Хақанмен жақсы қарым-қатынаста болған екен, екеуі де кезінде Баяндағы Қамаридден хазіреттің медресесінде бірге оқыған. Молла ата Өлеңті, Шідерті бойындағы жайлауларды аралағанда Талшат, Қабанбайшілік, Қазоты деген жерлерде отыратын Хақанның үйіне түседі екен. Сонда атамыз қоржынынан «Сал-Сал», «Бозжігіт», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Фархад-Шырын» жырларын алып, Хақанға беріп кететін көрінеді. Ол кісі ел аралап, қайта оралғанша осы кітаптарды оқып, қайтарып беріп отырған. Хақанның өзі де Қоянды, Ақмоладағы Қараөткел жәрмеңкелерінен кітап сатып әкелетін көрінеді. «Мен де бала күнімнен осы жырларды оқып өстім» дейтін Әлкей ағамыз. Жоғарыда есімдері аталған аталарыма Мәшһүр Жүсіп ата қалай жақын, осыған тоқталайын. Айдаболдың ішіндегі Еламан Тұрсынбай бидің Бәзілінің баласы Шегебай қажының Рабиға деген қызын алған Молла атамыз. Мен атаған қарияларға Молла ата жезде болып келеді.

Рабиға Шегебайқызы – 1862 не 1865 жылы туған, 1915 жылы дүниеден өткен. Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округіне қарасты Айдос ауылында жерленген, бұл - бұрынғы Далба болысы. Молла ата 1916 жылы Рабиға әжеміздің асын беріп, қазіргі Торайғыр

ауылына қарасты Әбжалап дуана жатқан Құрмандоңғалақ деген жерге көшіп келіпті. Бұл жердің бұрынғы атауы – Ақбеттау болысы, Шегебай қажы ауылы. Молла ата мен Рабиға әжеміздің 3 ұл, 1 қызы болған. Ұлдары Мұхаммедшәрефиден, Мұхаммедәмен, Мұхаммедфазыл. Қызының есімін ұмыттым...

Рабиға әжеміз молла атаның бар-жоғын білдіртпеген, ауылға келіп түскен меймандарды өзі қарсы алып, шығарып салып отырған, нағыз шаруа адамы, бес берекенің бірі болған деседі. Ол Далба жерінде Мұхаммедшәрефиден мен келіні Ақзейнептің қолында қайтқан.

Ел ішінде Молла атаның денесі көп жыл бұзылмай жатқандығы жайында түрлі әңгімелер айтылады. Қариялардың айтуына қарағанда, ол жағдайға Құран-Кәрімнің ықпалы болған. «Ата дүниеден өткеннен кейін денесінің бұзылмай ұзақ сақталуына Құран себеп болды. Өйткені оның ішіне Құран түскен» дейді. Мұны Әлкей де, Иманғали да, Алдажар да айтады. Молла ата шәкірттеріне: «Бұл дүниедегі сауаптың үлкені – ұстаз болып, бала оқыту. Бұл - аса қасиетті іс. Құран оқу арқылы мал жинап, садақа сыдырып опа таппайсыңдар, қайта күнә жамайсыңдар» деп аманаттаған екен. Содан бұл кісілердің бәрі де ұстаз болып, бала оқытты. Кейін кеңестік саясат осы қариялардың барлығын қуғындады. Иманғали ата отызыншы жылдардың соңында қуғынға түсіп, жетпісінші жылдары оралды. Алдажар атамыз отызыншы жылдарда кеткеннен 1969 жылы, ал Әнәфия молла елден Тоғай бойына кетіп (Лебязі жаққа), 1969 жылы ғана оралды.

## **2. Дүниенің базарында арзан нарқым...**

Осы қариялардан естіген тағы бір оқиға мынадай: көпшілікке белгілі, Молла ата көзінің тірісінде қабірін қазып, ас берді. Сонда қабірінен үлкен ақ тас шыққан. Бұрыннан жеткен мынадай сөз бар: бір адам дүниеге келгенде, Рауан жұлдызы бұрқ етіп жерге түседі екен. Сол адам білім-ғылымды болса, жұлдызы жерге түскен жерді іздеп табады дейді. Молла атамыз сол жерді іздеп тапқан. Ол қазір өзінің мәңгілік мекені – Ескелді жері. Қабірін қазғанда шыққан ақ тас – өзінің жұлдызы. Мұны Әлекең де, Иманғали да, Ысқақ қажының Қасені де (журналист Бақи Әбдіқадыровтың ағасы) айтқан. Қабір үйінің есігін күншығысқа қаратып салғызып, ішкі қабырғасына жаңағы тасты іліп қойған дейді. Сонда таң атып, шығыстан күн көтерілгенде оның сәулесі тасқа шағылысып, оның нұры қабіріне түседі екен. Міне, осының өзінде үлкен бір гәп бар.

Молла ата көзінің тірісінде өзінің жеті мүшесімен қоштасып үлгірген. Бұл өлеңді біреулер жаза басып, Қамаридден хазіреттің жоқтауына қосып жіберіпті. Онда мынадай жолдар бар:

Дүниенің базарында арзан нарқым,  
Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым.  
Тіршілікте ағайынға қадірім жоқ,  
Өлгеннен соң «әттеген-ай» дерсің, халқым.  
Көшірдім ақ қағазға рауан сөзін,  
Бұлдырап көрмей барад екі көзім.  
Дұғаға қолыңды жай, жамағаттар,  
Енді көрмесің Мәшһүрдің басқан ізін,-дейді.

Атамыздың 20 томдығы жарыққа шықты. Жақсы-ақ, бірақ біраз жағдайға көңілім толмады. Кітаптарда қайталаулар көп, кісі аттары мен жер-су атаулары өзгеріп кеткен. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің Қоңыр әулие туралы жазған дерегінде Байбақы ұстаны Жайбақы деп жазып жіберіпті. Байбақы ұста Қоңыр әулиенің шырақшысы болған. Жайбақы деген адам Айдабол руында жоқ. Осы Байбақы ұста - менің тікелей бабам.

Жалпы, аудармашылар, кітапты құрастырушылар осындай деректерге абай болғандары жөн. Өйткені бұл – тарих, болашақ ұрпақты адастырмауымыз керек.

1910-1911 жылдарда атаның Мұхаммедшәрепиден деген баласы Ақзейнеп деген қызға үйленіп, отау көтеріп, Далба болысындағы Айдос ауылында тұрған. Бұл жерде Молла атаның медресесі болды, сол араға белгі тас қойғызған болатынбыз.

Жаңа түскен жас келін Ақзейнептің он саусағынан өнер тамған, аса ісмер болғаны елге белгілі. Сол төңіректегі сыйлас адамдардың бірі Ізбас қажы жас отауға боталы түйе берсе, Дүкенбай бай ақ қозының жүнінен басылған киіз, киіз үйдің сүйегін Құрманбай абыздың Құсайын деген баласы өз қолынан жасап, сыйға тартқан екен. Сонда ел-жұрт: «Пай-пай, Мәшһүр-Жүсіпті Құдай жарылқады, ақ інген ботасымен бір ауылға сусын болды, ақ боз үй анау, Ақзейнеп болса он саусағынан өнер тамған шебер. Алты Алаштың өрнегін салып тіккен жағалы тон мен шапандарға қысырақты үйірімен беріп алсаң өкінбейсің» деп сұқтанса керек. Бірде таңғы шайын ішіп отырған Молла атаның ауылына сәуірік азбан айғыр мінген жолаушы жігіт келеді. Мінген атын үйдің іргесіндегі бақанға байлай салыпты. Айғыр кісінегенде қолдағы кесе түсіп кететіндей, үні аса зор болса керек. Сонда Молла ата:

- Әй, жігітім, мына айғыр неше жасар? - деп сұрапты.

- Ойбой, ата, айғыр жас, әрі кетсе 4-5 жаста. Көрші Шорман ауылына бара жатырмын, - дейді.

- Олай болса, айғырың байлаулы тұрған жерінде қалсын. Сен анау жайылып жүрген ақ інгенді мін де, жүре бер, - дейді. Жолаушы миығынан күліп, інгенге мінгенде ботасы тайраңдап, бірге кете барыпты. Шай құйып отырған жаңа түскен Ақзейнеп келін бұртиып:

- Әтиімнің мұнысы несі?! Бір үйлі жанның аузын аққа жеткізіп отырған інгенді салт басты, сабау қамшылы біреуге мінгізіп қоя бергені... - деп өкпелейді.

Көрші Қызыладырдан Молла атаның досы Наурызбай хазірет келіп, екеуі дәрет алып, намазға қамданады. Сонда бұртиып отырған Ақзейнепке Молла ата:

- Енеңді ғана ұрайын, тапал Тінидің қызы. Ел түзеген мені сен түзейсің бе? - деп үйге кіріп кетіпті. Ақзейнеп болса, өксіп жылап, Айдос өзенінің жағасындағы томарға барып отырыпты. Намаз біткен кезде үйден шыққан Молла ата жылап отырған келінінің қасына барып, маңдайынан иіскеп, басынан сипапты. Сосын:

- Құлыным, Зейнепжан, мен сені боқтаған жоқпын. Боқтасам өз кемпірімді боқтадым. Бұл қазақта тіл мен көз деген бар. Сол пәле келіп қалды. Мен Ақзейнепті берем бе, ақ інгенді берем бе? Бұл ғаламда көшпелі халықтар бар. Бірі - не Отаны, не елі жоқ, сыған деген жұрт. Оның дуасы қайтпайды. Ал қазақ деген жұрттың тілі мен көзі жаман. «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», - деген екен.

Міне, Молла атаның осындай әулиелігінің арқасында Ақзейнеп келіні тіл мен көзден аман қалған екен деседі. Бұл әңгімені де Молла атадан сабақ алған қариялардан естіген едім.

Жазып алған – **Сая МОЛДАЙЫП.**  
Баянауыл ауданы.

## Мәшһүр Жүсіп КӨПЕЕВ

### Сегіз мүшемен қоштасу

Бисмилла ал-рахман рахым дейін,  
Құдайға хомыд\* айтайын мұнан кейін.  
Бастан жақты айырап заман болар,  
Сөйлеп қал, қызыл тілім, оған дейін.

Құйылар бір күн топырақ есіл көзге,  
Кім жеткен бұл жалғанда жасап жүзге.  
Ерік өзінде тұрғанда қимылдап қал,  
Бір күні зар боларсың сөйлер сөзге.

Бастан ми, ақыл-естен аудырарсың,  
Қайран көз, жан шығарда жаудырарсың.  
Қағазға аттай желген он саусағым,  
Дал-дал боп қара жерде саудырарсың.

Қайран жоқ қолдан келер, қайнайды ішім,  
Келе алмас қыбырлауға сонда күшім.  
Саудырап бет-бетімен қатар түсіп,  
Маржандай ауыздағы отыз тісім.

Ағарсың домаланып көзден, бұлақ,  
Сөнерсің жанған майсыз, екі шырақ.  
Тықырын құрт-құмырсқа естіп шыдап,  
Жатарсың амал бар ма, екі құлақ.

Жерлерде әлдеқалай болады орным,  
Жалғанда жақсы, жаман кеңес құрдым.  
Сасығын өз денеңнің өзің иіскеп,  
Жатарсың шыдап соған, қайран мұрным.

Су емес мейірім қанар дүние сағым,  
Жігіттік қайран қызық, өтті шағым.  
Астына қара жердің кіргеннен соң,  
Қаларсың бөлектеніп, тіл мен жағым.

Дәрмен жоқ, қозғаларға қол мен аяқ,  
Жақпаса сол қылмысың, жерсің таяқ.  
Дауасын осы дерттің таппаған соң,  
Жасымнан жаһан кезіп жүрдім саяқ.

Ұл мен қыз ара түспес, әкем-шешем,  
Лабуда өлім шәрбат бір күн ішсем.  
Қызыл тіл ыңғайымда жүрген күнде,  
Алайын арыздасып, сегіз мүшем.

*(хомыд - арыз)*